

LD-60, LD-61, LD-70, LD-70NR,
LD-71, LD-71A, LD-80, LD-100

Little Doctor®

**Прибор для измерения
артериального давления LD**

Руководство по эксплуатации

RUS

**Прилад для вимірювання
артеріального тиску LD**

Інструкція з експлуатації

UKR

**Күре тамырдың қан қысымын
өлшеуге арналған LD**

Пайдалану жөніндегі басшылық құжат

KAZ



Бұл басшылық құжат пайдаланушыға күретамырдың қан қысымы мен тамырдың соғу жиілігін өлшеуге арналған сандық LD аспабын (әрі қарай мәтін бойынша: АСПАП) қауіпсіз және тиімді пайдалану жөнінде көмек көрсетуге арналған. Аспап аталған басшылық құжатта жазылған ережелерге сәйкес пайдаланылуға тиіс және осында жазылған мақсаттардан басқа жағдайларда пайдаланылмауы керек. Басшылық құжатты толықтай, әсіресе «Дұрыс өлшеу жөніндегі нұсқаулар» бөлімін оқып шығып, түсініп алған дұрыс.

ҚОЛДАНУҒА КӨРСЕТІМДЕР

Аспап күретамырдың ең жоғарғы және ең төменгі қан қысымын Коротков дыбыстары әдісімен өлшеуге арналған. Аспап медициналық бақылауға қосымша құрал ретінде емханалар мен стационарларда, сондай-ақ үй жағдайында пайдалану үшін ұсынылады. Күретамырдың қан қысымын өлшеу фонендоскоппен Коротков дыбыстарын тыңдай және монитордегі көрсеткіштерді өшіру көмегімен жүзеге асырылады.

ДҰРЫС ӨЛШЕУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛАР

! МАҢЫЗДЫ!

1. Егер Сіз гемодиализбен немесе антикоагулянттармен, антитромбоциттармен немесе стероидтармен емделіп жүрсеңіз, аспапты өз дәрігеріңізбен кеңесіп алмай тұрып пайдаланбаңыз. Аспапты ондай жағдайларда пайдалану ішке қан кетуге апарып соғуы мүмкін.

2. Дұрыс өлшеу үшін КҮРЕТАМЫРДЫҢ ҚАН ҚЫСЫМЫНЫҢ ТІПТІ ӨТЕ ҚЫСҚА УАҚЫТ АРАЛЫҒЫНДА КҮРТ АУЫТҚЫП КЕТЕТІНІН білген дұрыс. Күретамырдың қан қысымының деңгейі көптеген факторларға байланысты. Әдетте ол жазда төмен, ал қыс кезінде жоғары болады. Күретамырдың қан қысымы атмосфералық қысыммен бірге өзгеріп тұрады, сондай-ақ ол денеге түсетін ауырлыққа, көңіл-күйдің қозуына, күйзелістерге және тамақтану режиміне де тәуелді. Қабылданатын дәрі-дәрмектердің, алкогольдік ішімдіктердің және темекі тартудың да оған әсері үлкен. Көптеген адамдарда қан қысымы көрсеткіші емханада өлшеткен кезде де көтеріліп кетуі мүмкін. Сондықтан үй жағдайында өлшенген күретамырдың қан қысымының емханада өлшеткен күретамырдың қан қысымынан айырмашылығы жиі болып тұрады. Күретамырдың қан қысымы төменгі температураларда көтерілетіндіктен, өлшеулерді бөлме температурасында (шамамен 20 °C) жүргізіңіз. Егер аспап төмен температурада сақталған болса, оны пайдаланар алдында кем дегенде 1 сағат бөлме температурасында ұстаңыз, әйтпесе өлшеу нәтижелері қате болуы мүмкін. Денсаулығы дұрыс адамдардың тәулік ішіндегі систоликалық (ең жоғарғы) қан қысымы көрсеткішінің айырмашылығы 30-50 мм сынап бағанасын және диастоликалық (ең төменгі) қан қысымы көрсеткіші айырмашылығы 10 мм сынап бағанасын құрайды. Күретамырдың қан қысымының әртүрлі факторларға тәуелділігі әр адамда әрқалай болады. Сондықтан күретамырдың қан қысымы көрсеткіштерінің арнайы күнделігін жүргізген дұрыс. ТЕК ДИПЛОМЫ БАР ДӘРІГЕР ҒАНА СІЗДІҢ КҮРЕТАМЫРЫҢЫЗДЫҢ ҚАН ҚЫСЫМЫ ӨЗГЕРІСІН КҮНДЕЛІКТЕН АЛЫНҒАН ДЕРЕКТЕР НЕГІЗІНДЕ АНЫҚТАЙ АЛАДЫ.

3. Жүрек-қан тамырлары сырқаттары кезінде және күретамырдың қан қысымына мо-

ниторинг жүргізіп отыру қажет басқа да бірқатар сырқаттар кезінде өлшеулерді өзіңізді емдеуші дәрігер анықтаған уақытта ғана жүргізіңіз. ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН, ГИПЕРТОНИЯ ДИАГНОСТИКАСЫ МЕН ЕМДЕУДІ ТЕК ДИПЛОМЫ БАР ДӘРІГЕР ҒАНА КҮРЕТАМЫРДЫҢ ҚАН ҚЫСЫМЫН ӨЛШЕУДІ ТЕК ӨЗІ АЛҒАН КӨРСЕТКІШТЕРІ НЕГІЗІНДЕ ҒАНА ЖҮЗЕГЕ АСЫРАДЫ. ҚОЛДАНЫЛАТЫН ДӘРІ-ДӘРМЕКТЕРДІ ІШУ МЕН ДОЗАСЫН ӨЗГЕРТУДІ ТЕК ЕМДЕУШІ ДӘРІГЕРДІҢ ЖАЗЫП БЕРУІМЕН ҒАНА ОРЫНДАҒАН ДҰРЫС.




сур. 1

4. КҮРЕТАМЫРДЫҢ ҚАН ҚЫСЫМЫН ӨЛШЕУ ЖАЙЛЫ ДА ТЫНЫШ ЖАҒДАЙДА ЖӘНЕ БӨЛМЕ ТЕМПЕРАТУРАСЫНДА ЖҮРГІЗІЛУГЕ ТИІС. ӨЛШЕУГЕ ДЕЙІН БІР САФАТ БҰРЫН ТАМАҚТАНУҒА, 1,5-2 САФАТ БҰРЫН ТЕМЕКІ ТARTУҒА, СЕРГІТКІШ СУСЫНДАР, АЛКОГОЛЬДІ ІШІМДІКТЕР ІШУГЕ БОЛМАЙДЫ.

5. КҮРЕТАМЫРДЫҢ ҚАН ҚЫСЫМЫНЫҢ ДӘЛДІГІ АСПАП КӨМКЕРМЕСІНІҢ СІЗДІҢ БІЛЕГІҢІЗДІҢ КӨЛЕМІНЕ СӘЙКЕСТІГІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ. КӨМКЕРМЕ ТАР ДА, КЕРІСІНШЕ КЕҢ ДЕ БОЛМАУҒА ТИІС.

6. Қайталап өлшеу қажет болса, қолдағы қан айналымы бастапқы қалпына келу үшін оны 5 минуттан кейін ғана жүргізу керек. Алайда, дендеген атеросклерозбен ауыратын адамдардың тамырлары қатқылданып кететіндіктен өлшеулер арасындағы уақыт көбірек болуы керек (10-15 минут). Мұның ұзақ уақыт қант диабетімен ауыратын адамдарға да қатысы бар. Күретамырдың қан қысымын неғұрлым дәлірек анықтау үшін қатар-қатар 3 өлшеу сериясын өткізіп, соның орташа нәтижесін есепке Дүниежүзілік денсаулық сақтау Ұйымының жіктелімі бойынша алған жөн.




сур. 2


манометр¹



Металл сақина²



Көмкерме сақтауға арналған бөлікше



Манометр³



Сөмке⁴

Қайтарма клапан



Ауа үрлегіш


Ауа клапаны

СТЕТОСКОП⁵

Бинауральды түтікше

Стетоскоп бастиегі

Стетоскоп түтікшесі



кепілдік талоны



Нұсқаулық



¹ үлгілер үшін LD-60, LD-61, LD-70, LD-70NR, LD-71, LD-71A, LD-80

² үлгілер үшін LD-60, LD-70, LD-71, LD-71A, LD-100

³ үлгі үшін LD-100


⁴ үлгілер үшін LD-60, LD-61, LD-70, LD-70NR, LD-71, LD-71A, LD-80

⁵ үлгілер үшін LD-60, LD-61, LD-71, LD-71A, LD-100

Аспаптың жиынтықтылығын Жиынтықтылық бөлімінде 29 бет


ӨЛШЕУГЕ ДАЙЫНДЫҚ

1. Көмкерменің металл шығыршығынан ұстап, шамамен 5 см-дей тартып шығарыңыз суретте көрсетілгендегідей, 3-суретте көрсетілгендей (егер көмкерме сақинасымен болса).




сур. 3

2. Көмкермені түтікшесі алақан жағына қарайтындай етіп сол жақ білегіңізге кигізіңіз. (сур.4), Егер сол жақ білектен өлшеу қиындық тудырса, оң білектен өлшеуге де болады. Ондай жағдайда көрсеткіштердің 5-10 мм сынап бағанасындай айырмашылығы болуы мүмкін екендігін есте ұстаған жөн.



сур. 4

3. Көмкермені білегіңізге оның төменгі жиегі шынтақтың бүгілетін жерінен 2-3 см-дей жоғары болатындай етіп ораңыз. «ARTERY» жазуы бар белгі қолдың құретамырының үстінен келу керек, 5-суретте көрсетілгендей.




сур. 5

4. Көмкермені білекті тым қатты қыспайтындай, жабыса қымтайтындай етіп түймелеңіз (сур.6). Көмкерме тым қысып тұрса да немесе тым бос оралса да көрсеткіштер дұрыс болмауы мүмкін.




сур. 6

5. Түймеленген көмкермедегі «INDEX» белгісі "NORMAL (33-46 см)" (LD-60 үшін: 18-26 см) жақты көрсетіп тұруға тиіс (сур.7). Бұл көмкерменің дұрыс таңдап алынғандығын және білек жуандығы көлеміне дәл келетіндігін көрсетеді. Егер белгі «<|||» белгісіне қарай немесе солға таман көрсетсе, онда көмкерме тар және көрсеткіштер артық болады дегенді білдіреді, 5 мм сын.бағ. және одан да жоғары. Ал егер белгі «|||>» белгісіне қарай немесе оңға таман көрсетсе, онда көмкерме кең және көрсеткіштер төмен болады дегенді білдіреді, 5 мм сын.бағ. және одан да жоғары.




сур. 7

6. Егер білек толық және конус тәріздес болса, көмкермені суретте көрсетілгендегідей шиыршықтай ораған дұрыс, 8-суретте көрсетілгендей.




сур. 8

7. Егер Сіз киіміңіздің жеңін түріп алсаңыз және сөйтіп, қанның дұрыс жүруіне кедергі келтірсеңіз, аспаптың көрсеткіші Сіздің құретамырыңыздың қан қысымына сәйкес келмеуі мүмкін (сур.9).



сур. 9

8. Стетоскоптың бастиегін шынтақтың ішкі жағындағы ойыққа дәл келетіндей етіп ұстаңыз (сур.4). Егер Сіз ішінде стетоскоп орнатылған аспапты (LD-60,LD-71A үлгісін) пайдалансаңыз, тамырдың соғуын жақсырақ есту үшін стетоскоптың бастиегі қолдың ішкі жағына (денеге жақындау) қарай орналасу үшін көмкермені шамамен білектің төрттен біріне (60-90 градусқа) айналдыруға болады.



Сур. 10

9. Қан қысымын отырған немесе жатқан қалыпта өлшеген дұрыс. ОТЫРҒАН КЕЗДЕ ӨЛШЕСЕҢІЗ ҚОЛДЫҢ КӨМКЕРМЕ ОРАЛҒАН БӨЛІГІНІҢ ЖҮРЕК ТҰСЫНДА, АЛ ҚОЛДЫҢ СТОЛ ҮСТІНДЕ ҚОЗҒАЛМАЙ ЕРКІН ЖАТҚАНЫН ҚАДАҒАЛАҢЫЗ.

ӨЛШЕУ ТӘРТІБІ

1. Стетоскоптың бинауральды түтікшесін құлағыңызға кигізіңіз. Сағат тілі бағытына қарай бұрап, ауа үрлегіштің тығынан жабыңыз. Ауа үрлегішті сығымдап, стетоскоптан тамырдың соғуын тыңдай тұра көмкермеге ауа толтырыңыз. Тамырдың соғуын тыңдауды қойғаннан кейін көмкермеге тағы да 30 мм сынап бағанасындай ауа толтырыңыз.
2. Ауа тығынын сағат тілі бағытына қарсы баяу бұрай отыра көмкермедегі ауаны ақырындап шығарыңыз. Көмкермедегі ауаның секундына 2-4 мм сынап бағанасындай жылдамдықпен шығуын қадағалаңыз. Бұл дұрыс нәтиже алу үшін қажет.
3. Клапанды аздап ашқаннан кейін тамырдың соғуын мұқият тыңдаңыз. Болар-болмас тықылдақты естісімен манометр көрсеткішін санаңыз. Бұл – Сіздің систоликалық (жоғарғы) қан қысымыңыз.
4. Көмкермедегі қысым сол жылдамдықпен шығуда (2-4 мм сынап бағанасындай). Сіз тамырдың соғуын тыңдап тұрсыз. Енді Сіз естіп тұрған дыбыстар өзгере бастайды. Алғашқы тықылдақтарған қарағанда олар енді сыбдырлаған сияқты жұмсара бастайды. Тамырдың соғуы естілмейтіндей болған кезде манометр көрсеткішін санаңыз. Бұл – Сіздің диастоликалық (төменгі) қан қысымыңыз.

КҮТУ, САҚТАУ, ЖӨНДЕУ ЖӘНЕ ӨТЕЛГЕ ШЫҒАРУ

! МАҢЫЗДЫ!

1. Бұл аспапты жоғары ылғалдылықтан, тікелей түсетін күн сәулесінен, соққылардан сақтау керек.
2. Аспапты жылытқыш аспаптар мен ашық отқа тым жақын жерде сақтамаңыз.
3. Аспапты кірлетпей ұстаңыз.
4. Аспаптың агрессивті ерітінділермен жанасуына жол бермеңіз.
5. Көмкермені және резеңке түтікшелерді өткір заттардан сақтаңыз.
6. Аспаптың құрылысында өлшеулер дәлдігін реттейтін органдар жоқ. Манометрді өз қалауыңызбен ашуға тыйым салынған. Қажет болғанда оны тек мамандандырылған ұйымдарда ғана жөндетіңіз.
7. Белгіленген қызмет мерзімі бітерде аспаптың техникалық жағдайын тексерту үшін оны ауық-ауық мамандарға (мамандандырылған жөндеу ұйымдары) көрсетіп тұру қажет.
8. Өтелге шығарған кезде сол уақытта Сіздің өңірде қолданыста болған ережелерді басшылыққа алыңыз. Өндіруші бұл аспапты өтелге шығарудың арнайы шарттарын белгілемеген.
9. Көмкерме көп рет санитарлық зарарсыздандыруға төзімді. Көмкерменің мата-

мен жабындалған ішкі жағын (тексерілушінің білегіне оралатын) сутек асқын тотығының 3%-дық ерітіндісіне шylanған мақта анжымен зарарсыздандыруға рұқсат етіледі. Ұзақ пайдаланған кезде көмкерменің мата жабынының түссізденуі мүмкін. Көмкермені жууға, сондай-ақ ыстық үтікпен зарарсыздандыруға болмайды.

КЕПІЛДЕМЕЛІК МІНДЕТТЕМЕЛЕР

1. Бұл аспапқа сатылған күннен бастап 24 ай кепілдемелік мерзім белгіленген. Манжет пен айдағыштың кепілдік мерзімі сату күнінен бастап 12 айды құрайды.
2. Кепілдемелік міндеттемелер аспап тұтынушыға сатылған сәтте кепілдемелік талонмен ресімделеді.
3. Кепілдемелік қызмет көрсету ұйымдарының мекенжайлары кепілдемелік талонда көрсетілген.

НЕГІЗГІ ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Қан қымысын өлшеу диапазоны, мм сынап бағанасы	0-ден 300-ге дейін (көмкермедегі қысым)
Индикация диапазоны, мм сынап бағанасы	0-ден 300-ге дейін
Қан қысымын өлшеудің ең үлкен қателіктері, мм сынап бағанасы	±3
Аспапты пайдалану шарттары: Көмкермедегі дейінгі диапазондағы қоршаған орта температурасы, °C Ылғалдылық, % Rh	10-нан 40 °C-ға 85-тен артық емес
Сақтау және тасымалдау шарттары: Қоршаған ауа температурасы, °C Ылғалдылық, % Rh	минус 34 65C-қа дейін бірақ 85-тен артық емес
Аспаптың массасы (қаптамасыз және сөмкесіз), г: LD-70 / LD-70NR үлгілері LD-71, LD-71A үлгілері LD-60 / LD-61 үлгілері LD-80 үлгілері LD-100 үлгілері	264/237 328 390/309 351 464
Габариттік көлемдері (тұтыну қаптамасы), мм LD-60, LD-61, LD-70, LD-70NR, LD-71, LD-71A, LD-80 үлгілері LD-100 үлгілері	115 x 185 x 75 173 x 135 x 140
Аспаптың қызмет мерзімі (пневмокамерасыз және ауа үрлегішсіз) Пневмокамера мен ауа үрлегіштің қызмет мерзімі	7 3
Өндірілген жылы	Өндірілген жылы «А» белгісінен кейін завод нөмірінің санымен көрсетілген. Завод нөмірі манометрдің корпусында белгіленген.

Таңбалардың толық жазылуы:

CE 0123 93/42/ЕЕС директивасына сәйкес



Маңызды: Нұсқаулықты оқып шығыңыз



Өлшеу құралдары түрін бекіту



Евроодақтағы өкіл



Өндіруші



Украинаның сәйкестік белгісі



Қазақстан Республикасына және Беларусь Республикасына арналған тексеру таңбасы



Ылғалдан қорғаңыз



ЕАС сәйкестік белгісі



Сериялық нөмір

АСПАП КӨМКЕРМЕЛЕРІНІҢ КӨЛЕМІ:

LD-70 үлгілері LD-71 үлгілері LD-71A үлгілері LD-100 үлгілері	ересек	Жуандығы 25 см-ден 36 см-гедейінгі білекке арналған
LD-70NR үлгілері	ересек	Жуандығы 25 см-ден 40 см-гедейінгі білекке арналған
LD-60 үлгілері	үлкен ересек	Жуандығы 33 см-ден 46 см-гедейінгі білекке арналған
LD-61 үлгілері	балалар	Жуандығы 18 см-ден 26 см-гедейінгі білекке арналған
LD-80 үлгілері	жаңа туған нәрестелер үшін сәбилер үшін балалар	Жуандығы 7 см-ден 12 см-гедейінгі білекке арналған Жуандығы 11 см-ден 19 см-гедейінгі білекке арналған Жуандығы 18 см-ден 26 см-гедейінгі білекке арналған

ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҒЫ

		саны:							
бөлік атауы	құрамы	LD-60 үлгілері	LD-61 үлгілері	LD-70 үлгілері	LD-70NR үлгілері	LD-71 үлгілері	LD-71A үлгілері	LD-80 үлгілері	LD-100 үлгілері
Манометр	LD-S013 Манометр	1	1	1	1	1	1	1	–
Манометр	LD-S048 Манометр	–	–	–	–	–	–	–	1
Ересектерге арналған сақинасы бар көмкерме	N2AR Көмкерме LD-S02A пневмокамера	–	–	1	–	1	1	–	1
Ересектерге арналған көмкерме	N2A Көмкерме LD-S02A пневмокамера	–	–	–	1	–	–	–	–
Ересектерге арналған сақинасы бар үлкен көмкерме	N2LR Көмкерме LD-S02L пневмокамера	1	–	–	–	–	–	–	–
балаларға арналған	C2C Көмкерме LD-S02C пневмокамера	–	–	–	–	–	–	1	–
балаларға арналған	N2C Көмкерме LD-S02C пневмокамера	–	1	–	–	–	–	–	–
жаңа туғандарға арналған	C2N Көмкерме LD-S02N пневмокамера	–	–	–	–	–	–	1	–
сәбилерге арналған	C2I Көмкерме LD-S02I пневмокамера	–	–	–	–	–	–	1	–
Көмкермеде орнатылған бастиегі бар стетоскоп	LD-S025a бастиегі бар LD-Prof-Plus	1	–	–	–	–	1	–	–
Стетоскоп	LD-S025 бастиегі бар LD-Prof-Plus	–	1	–	–	1	–	–	1
Жиынтықтағы ауа үрлегіш	Ауа үрлегіш LD-S014 Ауа клапаны LD-S015 Қайтарма клапан LD-S016	1	1	1	1	1	1	1	1
Сөмке	Сөмке LD-S059	1	1	1	1	1	1	1	–
Пайдалану жөніндегі басшылық құжат	Пайдалану жөніндегі басшылық құжат	1	1	1	1	1	1	1	1
кепілдік талоны	кепілдік талоны	1	1	1	1	1	1	1	1
Қаптама	Қаптама	1	1	1	1	1	1	1	1

KAZ

Росстандарттың МЕМСТ Р 50444-92, МЕМСТ Р 519.1-2002(ЕН 1060-1-96), МЕМСТ Р 519.2-2002(ЕН 1060-2-96) стандарттары талаптарына, Беларусь Республикасының МЕМСТ 6915-89 мемстандарты талаптарына сәйкес келеді.

✉ **Сапасы жөніндегі талаптар мен шағымдар ҚР аумағында қабылданады:**
«Казмедимпорт» ЖШС, Өскемен қ, Карбышев к-сі, 24. т.8 (7232) 76-97-97, e-mail: info@kazmedimport.kz, www.kazmedimport.kz

Өндіруші: Little Doctor International (S) Pte. Ltd., 7500A, Beach Road, 11-313 The Plaza 199591, Singapore (Литл Доктор Интернешнл (С) Пте. Лтд., 7500А, Бич Роад, 11-313 Зе Плаза 199591, Сингапур).

Пошталық мекенжайы: Yishun Central P.O. Box 9293 Singapore 917699 (Литл Доктор Интернешнл (С) Пте. Лтд., Йишун Централ П.О. Бокс 9293, Сингапур 917699).

Экспорттаушы: Little Doctor International (S) Pte. Ltd. (Литл Доктор Интернешнл (С) Пте. Лтд).

Өндіріс орны: Little Doctor Electronic (Nantong) Co., Ltd., No.8, Tongxing Road Economic & Technical Development Area, 226010 Nantong, Jiangsu, PEOPLE'S REPUBLIC OF CHINA (Литл Доктор Электроник (Нантонг) Ко. Лтд., Ном. 8, Тонгксинг Роад Экономик энд Текникал Девелопмент Эриа, 226010 Нантонг, Джиангсу, ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ).

ҚОСЫМША КЕРЕК-ЖАРАҚТАР

Жиынтықтағы көмкермелерге қосымша мынандай көлемдердегі LD-CUFF көмкермелерін сатып алуға болады:

атауы/көлемі	қол шеңбері	материалы	пневмокамера	
C2N/ жаңа туғандарға арналған	7-12	Мақта, ТПУ*	LD-S02N	сақинасы жоқ
C2I/ сәбилерге арналған	11-19	Мақта, ТПУ*	LD-S02I	
C2C/ балаларға арналған N2C/ балаларға арналған	18-26	Мақта, ТПУ* Нейлон, ТПУ*	LD-S02C	
C2A/ересектерге арналған N2A/ересектерге арналған	25-40	Мақта, ТПУ* Нейлон, ТПУ*	LD-S02A	
C2L/ересектерге арналған үлкен N2L/ересектерге арналған үлкен	34-51	Мақта, ТПУ* Нейлон, ТПУ*	LD-S02L	
C2T/белге арналған	40-66	Мақта, ТПУ*	LD-S02T	
N2AR/ересектерге арналған	25-36	Нейлон, ТПУ*	LD-S02A	сақинасы бар**
N2LR/ ересектерге арналған үлкен	33-46	Нейлон, ТПУ*	LD-S02L	

* ТПУ- термопластикалық полиуретан

** Көмкермені өздігінен киюге ыңғайлы болу үшін көмкермеге орнатылған бекіткіш металл сақина

www.LittleDoctor.ru

Интернеттегі LD маркалы тауарлар туралы ақпарат (техникалық сипаттамалары, функционалдық ерекшеліктері, пайдалану, сақтау және кепілдік қызмет көрсету шарттары).

www.LittleDoctor.sg

CE 0123



UA.TR.001



® Registered trade marks of Little Doctor International (S) Pte. Ltd.
© Little Doctor International (S) Pte. Ltd., 2022

I509/2202/16